

Жанғара Дәдебаев,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ГИБРАТТЫ ҒАЛЫМ



Сұлтанғали Садырбайұлы (1931–2013) - Қазақстан жоғары мектебіне еңбегі сіңген, қазақ фольклористикасының дамуына, жамбылтану ғылымының қалыптасуына лайықты үлес қосқан ғылым мен білім қайраткері, филология ғылымдарының докторы (1994), профессор (1996). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін, аспирантурасын, докторантурасын (АҒК) бітірді, ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, лаборатория меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Сұлтанғали Садырбайұлы университет аудиториясында М.О. Әуезовтің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» пәні бойынша лекцияларын тыңдап, тәлім-тәрбиесін алды. 1951 жылы университеттің бірінші курс студенті Сұлтанғали Садырбаев әдеби бірлестік ұйымдастырған оқушы студенттер конференциясында М.О. Әуезовтің романы туралы баяндама жасады. Университетті бітірерде М.О. Әуезовтің ғылыми жетекшілігімен «Абайдың эстетикасы» деген тақырыпта диплом жұмысын жазып, оны ойдағыдай қорғады. Аспирантурада М.О. Әуезов Қырымның қырық батыры туралы эпикалық дастандар негізінде ұсынған өзекті тақырып бойынша және М.О. Әуезовтің жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымының М.О. Әуезовтен кейінгі буынындағы ірі өкілдерімен бірге ұлттық университетте ұстаздық етті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

XX ғасырдың екінші жартысында фольклортану ғылымында қазақ эпосының тұтастануы аса өзекті, әлеуметтік мәні зор ғылыми мәселелердің бірі еді. Ұлттық университетте классикалық білім алған жас маман осы мәселе бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеуші қазақ эпосының тұтастануының төрт сала жолын тауып, оның әрқайсысы бойынша терең талдау жұмыстарын жүргізді. Зерттеуші қолданған осы жүйе кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде методологиялық үлгі ретінде қолданылды.

Зерттеуші 1965 жылы «Қазақ эпосының тұтастану мәселелері» тақырыбы бойынша дайындаған кандидаттық диссертациясын қорғады. Диссертацияны қорғау барысында Кеңестер Одағының Батыры профессор

Мәлік Ғабдуллин: «Жас ғалым Сұлтанғали Садырбаев жолдасқа көп рахмет: ол Мұрын жыраудың өмірін де, творчествосын да толық қамти зерттепті. Ұлы жыршының мұрасына талдау берместен бұрын, оның өмірбаянын толық баяндап беруі өте орынды болған. Автордың осы еңбегін ғылым үшін жасалған әрі зор, әрі пайдалы іс деп білемін. Диссертацияның қазақ әдебиеті тарихын зерттеу жөнінде ғылымға қосқан жаңалығы - қазақ эпосының тұтастану мәселесін қарастыруы деп түсінем»¹, - деп жақсы пікір білдірді.

Сұлтанғали Садырбайұлы бұл тұста қазақ фольклористикасы саласындағы алғашқы және санаулы ғылым кандидаттарының алды еді. Ғалым қазақ фольклористикасы бойынша зерттеу жұмыстарын жаңа бағытта, жаңа деңгейде жалғастырып, көп жылдар бойы жүргізген зерттеулерінің ғылыми нәтижелері негізінде «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» (1992) монографиясын жариялады, «Қазақ фольклорының тарихи негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Қазақ фольклорының тарихи негіздері айтуға оңай болғанмен, зерттеуге қиын, күрделі, күрмеуі көп зерттеу нысаны еді. Бұл жерде фольклорлық жанр үлгілеріне негіз болған тарихи оқиғалардың сілемін іздеу, оның нақты дерек көздерін табу, сөйтіп сол дерек көздері жүйесіндегі оқиғалар сарынының фольклорлық жанр түрлерінің сюжеттік негізіне айналу үдерісін анықтау инемен құдық қазғандай еді. Ғалым осындай ерен еңбегінің нәтижесінде үлкен жетістіктерге жетті. Қазақ фольклорының тарихи негіздерін анықтап, іргелі, күрделі және көкейкесті ірі ғылыми мәселені шешті.

Іргелі ғылыми мәселені зерттеу лайықты теориялық жүйені, әдісті талап етеді. Іргелі ғылыми мәселені шешуге лайықты теориялық жүйені, әдісті таңдау фольклордағы батырдың өзіне лайықты жар таңдауынан қиын болмаса, оңай емес. Өйткені белгілі бір іргелі, күрделі мәселені зерттеудің әдісінің өзі көп салалалы терең зерттеу нәтижесінде ғана анықталады. Ғалым өзінің зерттеуінің әдісін пәнаралық зерттеу әдісінің ұстанымдарына сай негіздеп, оның қисындарын тапты. Қазақ фольклорының тарихи негізін анықтау халықтың ілкі тарихын, ілкідегі тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымын, тіршілік философиясын, шешендік өнерін, этикалық және эстетикалық ұстанымдарын тұтас алып саралауды талап етті. Ғалым сындарлы ізденістері, ерен еңбегі арқасында алдына қойған ғылыми міндеттерді жоғары методологиялық деңгейде орындап шықты. Зерттеу еңбектері қазақ фольклористикасындағы аса ірі жетістік, әлеуметтік маңызы зор іргелі ғылыми мәселенің шешімі ретінде жоғары бағаланды. Қырғыз Ғылым академиясының мүшесі Р.З. Қыдырбаева диссертациялық кеңестің мәжілісінде ізденушінің диссертациялық зерттеуі туралы мынадай пікір білдірді: «С.Садырбаев «Манас» жырының қазақша және қырғызша нұсқаларын салыстырған, импровизациялық өнердің психологиясын талдаған, тарихи-генетикалық сюжеттердің ұқсастықтары мен өзгешеліктерін

¹ Садырбаев С. Ғалымның хаты: ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көсемсөздер, ой-толғамдар / Сұлтанғали Садырбаев. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 1915. - 313-бет.

саралаған. Сөйтіп автор осы ғылыми еңбегі арқылы қазақ-қырғыз фольклористика ғылымына зор үлес қосқан»².

Ғылым, ғылыми білім өндіру – адамзат ақыл-ойының ең жоғары даму деңгейіндегі қызметінің нәтижесі. Адамзат ақыл-ойының ең жоғары даму деңгейіндегі қызметінің нәтижесіне әрбір екі ғалымның бірі жете алмайды. Өйткені бұл деңгейге ақыл-ойдың тереңіне бойлау, сол жолда өмір бойы іздену, ұдайы жетілу, ұдайы толысу үстіндегі қайраткер ғалым ғана көтеріледі. Сол ғалым ғана заманы үшін әлеуметтік мәні зор, теориялық және өмірлік маңызы жоғары ғылыми нәтижелер береді. Профессор Сұлтанғали Садырбайұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі жарты ғасырдан астам уақыт бойы атқарған ұстаздық және ғылыми шығармашылық қызметінде өз заманы ғана емес, келер заман үшін де әлеуметтік мәні зор, ғылыми және өмірлік маңызы жоғары ғылыми жетістіктерге жетті.

Ғалымның «Фольклор және эстетика» (1972), «Қазақ халық әдебиеті» (1990), «Халық әдебиетінің тарихи негіздері: монография» / С.Садырбаев (Алматы: Қазақ ун-ті, 1992), «Фольклор және Жамбыл» (1996) сияқты іргелі еңбектері, «Манас», «Көрұғылы», «Қыз Жібек», Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге батыр жыры», «Бақсы және бақсы сарыны» және басқа зерттеулері мен эсселері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының, қазақ фольклористикасының дамуына қосылған үлкен үлес болды. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ фольклористикасы үшін де бұл еңбектердің ғылыми және практикалық маңызы жоғары.

Сұлтанғали Садырбайұлы ғылым жолында ғылым үшін зерттеу жұмыстарын жүргізді, халық, көпшілік үшін еңбек етті. Ғалымның ғылыми шығармашылығының іргелі бір саласы өзінің ғылыми зерттеулеріне негіз болған халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, құрастыру, насихаттау, халықтың игілігіне ұсыну болды. Осы бағыттағы «Қазақ халқының ауыз әдебиеті: хрестоматия» / С.Садырбаев (Алматы: Мектеп, 1977), «Қазақ халық әдебиеті: оқу құралы» / С.Садырбаев. (Алматы: Рауан, 1990), «Образцы казахской народной литературы: фольклор XVIII-XIX в.» / Под общ. Ред. С.Садырбаева (Алматы: Қазақ ун-ті, 2004), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларының нұсқалары» / Жалпы ред. басқ. С.Садырбаев (Алматы: Қазақ ун-ті, 2005), «Қыз Жібек: лиро-эпос» / Жалпы ред. басқ. С.Садырбаев (Алматы: Қазақ ун-ті, 2008), сондай-ақ Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы», Сүйінбай Аронұлының шығармалары (1975, 1990, 1996), Жамбыл Жабаев шығармаларының академиялық толық басылымдары (1982, 1996) бойынша жүргізген құрастыру, жалпы редакциясын басқару, алғы сөзін, ғылыми түсініктері мен зерттеу жазу сияқты еңбектерінің ғылыми, ғылыми-көпшілік маңызы зор. Бұл бағыттағы еңбектері орта, жоғары оқу орындарында білім алушы жастар үшін де, көпшілік үшін де, ғылыми қауым үшін де қолжетімді, пайдалы. Бұл еңбектер күні бүгінге дейін оқырмандарының қолында, ғылыми қауымның көз алдында.

² Садырбаев С. Ғалымның хаты: ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көсемсөздер, ой-толғамдар / Сұлтанғали Садырбаев. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 1915. - 334-бет.

Ғалымның қазақ, қырғыз халық әдебиетіндегі аты әлемге белгілі болған ірі тұлғалардың өмірі мен өнерін, шығармашылық байланыстарын ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатында насихаттаған еңбектері көпшіліктің ойына қонымды мәнді мазмұнымен, көңілді ашып, сезімді тербететін әдемі әсерімен, публицистикалық сырлы сазымен, ажарлы сипатымен ерекшеленеді. Қазақ халық поэзиясының алыптары Шортанбай Қанайұлы, Мұрын Сеңгірбайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, сондай-ақ Мұраталы күйші (Қырғызстан) және басқа халық ақындары мен жырауларының, күйшілерінің өнерін өнеге еткен эсселері көптің көңіл гүлін тербеген көркемдігімен, халықтық маңызымен бағалы.

Ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз, зерделі зерттеушіден қалған шығармашылық мұраның бір саласы - халық шығармашылығын, халық шығармашылығының көрнекті тұлғаларының өмірі мен өнегесін кино өнерінің мүмкіншіліктері пайдаланып насихаттау бағытындағы еңбектері. Сүйінбай Аронұлының, Жамбыл Жабаевтың өмірі туралы деректі-көркем фильмдердің жалпыхалықтық экранға шығып, көрермендердің рухани игілігіне айналуы – Сұлтанғали Садырбайұлының шығармашылық ойлау қызметінің жемістері. Халық шығармашылығы, халық ақындарының шығармашылығы негізінде жасалған «Қарасай батыр», «Қыз ұзату» телефильмдері мен «Жамбылдың жастық шағы» көркем фильмінде де Сұлтекеңнің ақыл-ой қуатының қызуы мен жылуы бар.

Университетте М.Әуезов ұйымдасытырып, жүргізген әдеби бірлестікті 1965 жылдан бастап Сұлтекең жүргізді, бірлестікті «М.О. Әуезов атындағы әдеби бірлестік» деп атап, оны ресми тәртіпте құжаттады. Сұлтекең жетекшілік жасаған отыз жыл шамасында М.О. Әуезов атындағы әдеби бірлестік Алматының шығармашылық жастарының сүйікті ұйымына, ашық шығармашылық одағына айналды. Ол университеттің, тұтас Алматының шығармашылық жастарының талантын ұштап, тұсауын кесетін шығармашылық ұйым деңгейіне дейін көтерілді. Сұлтанғали Садырбайұлы осындай қажырлы еңбегімен қазақ әдебиетінің жас буынының қалыптасып, шығармашылық еңбектің кеңбайтақ айдынына шығуына ықпал етті.

Сұлтанғали Садырбайұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұстаздық етіп, студент жастарға «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» пәні бойынша тамаша тағылым берді, университет аудиториясына күн көзіндей білім мен білік, тәлім мен тәрбие жарығын түсірді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы елдің өсер өркендеріне дәріс оқып, халық шаруашылығы үшін жоғары білімді және жоғары білікті жас мамандар даярлады, ғылым кандидаттары мен докторларын баптап өсірді, Қазақстанның ғылымы мен білімінің, жоғары мектебінің, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, қоғамдық санасының өсуіне зор еңбек сіңірді.

Сұлтанғали Садырбайұлы ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, шығармашылық тұлға ретінде артында өрісті өнеге, өнімді үлгі қалдырды.

01.05.2022

